



Т

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

алдыкорман

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№48 (1890) Жұма, 28-қараша 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

САЯСАТ

СЕНІМДІ СЕРІКТЕС, БАУЫРЛАС ЕЛ

**Қасым-Жомарт Тоқаев
Қазақстанға мемлекеттік
сапармен келген Сердар
Бердімұхамедовке ықылас
танытып, ризашылық
білдірді.**

Жоғары деңгейдегі келіссөздерге дейін Ақордада Түрікменстан Президентін салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Мемлекеттер басшылары бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт берді. Екі елдің әнұрандары шырқалған соң президенттер келіссөз өтетін залға барды.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз Түрікменстанды стратегиялық серіктес және бауырлас мемлекет санайтынын жеткізді.

— Бізді ғасырлардан жалғасып келе жатқан достық, ортақ тарих, тіл мен мәдениет біріктіреді. Мемлекеттеріміз арасындағы сауда-саттық, экономикалық ықпалдастықтың басқа да түрлері және мәдени-гуманитарлық байланыстар қарқынды дамып келеді. Екі ел серіктестігінің ауқымы мен сапасына көңіліміз толады деп айтуға негіз бар. Бұл ынтымақтастық стратегиялық сипатқа ие. Дегенмен алға қадам басу қажет. Күн тәртібінде өте маңызды мәселелер тұр. Бүгін олардың шешімін бірлесіп табамыз деп ойлаймын, — деді Қазақстан Президенті.

Сердар Бердімұхамедов Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапармен келуге шақырғаны және қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

— Сізге түрікмен халқының ұлт көшбасшысы, құрметті Гурбангулы Мяликгулыевич Бердімұхамедовтің сәлемі мен ізгі тілегін жеткізуге рұқсат етіңіз. Бүгінде Түрікменстан мен Қазақстанның қарым-қатынасы достық, бауырластық және тату көршілік қағидаттары негізінде дамып келеді. Өзара ықпалдастығымыз саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салаларды қамтиды, — деді Түрікменстан Президенті.

Бұдан кейін келіссөздер екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты.

Әңгімелесу барысында мемлекеттер басшылары екіжақты ынтымақтастықтың басым бағыттарын талқылады. Атап айтқанда, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және көлік-логистикалық ықпалдастық мәселелері қарастырылды. Энергетика, өнеркәсіп кооперациясы, ауыл шаруашылығы, IT, білім беру және медицина салаларындағы бірлескен жобаларды іске асыруға баса назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев шақыруын қабыл алып, Астанаға мемлекеттік



сапармен келгені үшін Сердар Бердімұхамедовке алғыс айтты.

— Қазақ пен түрікмен — ежелден достығы жарасқан туыс халықтар. Біздің тарихымыз және мақсат-мұратымыз — ортақ, мәдени-рухани құндылықтарымыз — бір. Біз Түрікменстанмен ынтымақтастықты тату көршілік және өзара қолдау рухында барынша нығайтуға айрықша мән береміз. Жарқын болашаққа бірге қадам басу үшін күш жұмылдырамыз. Бауырлас халықтарымыздың игілігі үшін стратегиялық серіктестікті нығайта түсеміз. Мен бұған кәміл сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті екі ел арасында барлық деңгейде белсенді әрі табысты байланыс орнағанын атап өтті. Үкіметтеріміз жүйелі жұмыс жүргізіп, ведомствоаралық байланыс нығайып келеді. Елдеріміз көпжақты құрылымдар аясында нәтижелі қарым-қатынас жасайды.

Мемлекет басшысының айтуынша, Астана мен Ашхабадтың өңірлік, халықаралық күн тәртібіндегі көптеген мәселе бойынша көзқарастары мен ұстанымдары ұқсас.

Қасым-Жомарт Тоқаев келіссөздер барысында сауда-экономикалық ықпалдастыққа айрықша назар аударды. Соңғы 5 жылда өзара сауда көлемі 4 еседен асып, жарты миллиард долларға дейін ұлғайды.

Қазақстанда түрікмен капиталы бар 140-қа жуық компания табысты жұмыс істейді. Осы арқылы аталған кәсіпорындар экономикалық байланысты нығайтуға зор үлес қосып келеді. Қазақстанның Түрікменстанға құйған инвестициясы 120 миллион доллардан асты.

Мемлекет басшысы мәдени-гуманитарлық байланыстың даму қарқынына тоқталды. Президент екі елдің мәдениет күндерін алма-кезек өткізу, көрнекті қайраткерлердің ескерткіштерін ашу шаралары қос халықтың мәдени-рухани мұрасына айтарлықтай үлес қосады деп санайды.

Сердар Бердімұхамедов Қазақстан мен Түрікменстанды Орталық Азиядағы стратегиялық серіктес мемлекеттер деп атады.

— Мемлекеттерімізді ұрпақтан ұрпаққа аманат болып, көзіміздің қарашығындай сақтап келе жатқан ортақ тарихи тамырластық, мәдени-рухани ұқсастық, салт-дәстүріміздің жақындығы секілді құндылықтар біріктіреді. Саяси-дипломатиялық салада Түрікменстан мен Қазақстан жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша сындарлы ықпалдастық орнатқан. Атап айтқанда, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, энергетикалық тұрақтылықты нығайту, көлік байланысын ілгерілету, орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу және климат өзгерісіне қарсы күрес мәселелері бойынша ұстанымдарымыз ортақ, — деді Түрікменстан Президенті.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Түрікменстан Президентінің елімізге сапары екіжақты ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашып, достық пен стратегиялық серіктестікті нығайтуға тың серпін беретініне тоқталды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сердар Бердімұхамедов Бірлескен мәлімдемеге қол қойды.

Мемлекеттер басшыларының қатысуымен ресми делегация мүшелері мынадай үкіметаралық және ведомствоаралық құжаттарды алмасты:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасында мәдени-гуманитарлық сала бойынша ынтымақтастық туралы келісім;

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасында көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Түрікменстанның Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі арасында зейнетақымен қамтамасыз ету саласы бойынша ақпараттық ықпалдастық туралы келісім;

4. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен Түрікменстанның Әділет министрлігі арасында құқықтық саладағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум;

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Түрікменстанның Ауыл шаруашылығы министрлігі арасында ветеринария саласы бойынша ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ұлттық аграрлық ғылыми білім беру орталығы мен Түрікменстанның Ауыл шаруашылығы министрлігі Астық дақылдары ғылыми-зерттеу институты арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

7. Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасында көлік саласындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту жөніндегі 2026-2027 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары;

8. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Түрікменстанның Денсаулық сақтау және медициналық өнеркәсіп министрлігі арасындағы ынтымақтастықты дамытудың 2026-2027 жылдарға арналған негізгі іс-шаралар жоспары;

9. Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысы әкімдігі мен Түрікменстанның Балқан уәлаяты әкімшілігі арасында сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

10. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясы мен Түрікменстанның Ғылым академиясы арасында ғылым саласы бойынша ынтымақтастық туралы меморандум;

11. Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокешені» ШЖҚ РМК мен Түрікменстанның Телевизия, радио хабар тарату және кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті арасында ақпараттық сала бойынша ынтымақтастық туралы келісім.

www.akorda.kz

САЯСАТ ОРТАҚ ТАРИХ, ОРТАҚ МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Сердар Бердімұхамедовтің қазақ жеріне мемлекеттік сапарының мәні айрықша деп санайтынын, Түрікменстан – Қазақстан үшін маңызды әрі сенімді серіктес, бауырлас ел екенін атап өтті.

– Қос халықты шынайы достық, ортақ тарих пен рухани-мәдени құндылықтар біріктіреді. Осындай мызғымас тұғыры бар қарым-қатынасымыз стратегиялық әріптестік рухында қарқынды дамып жатыр. Екі ел арасында жоғары деңгейдегі саяси диалог қалыптасты. Сауда-экономика саласындағы байланыс жылдан жылға күшейіп келеді. Мәдени-гуманитарлық бағыттағы ықпалдастық нығая түсті. Біз аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге белсене атсалысып келеміз, – деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Сердар Бердімұхамедов пен бауырлас түрікмен халқын Түрікменстанның тұрақты бейтараптығының 30 жылдығымен құттықтады.

– Бейтарап саясат жүргізу Түрікменстанның халықаралық аренадағы беделін биіктетіп, бейбітшілік, тұрақтылық пен қауіпсіздік қағидаттарына бейіл екенін көрсетті, – деді Мемлекет басшысы.

Президент келіссөздер барысында екіжақты күн тәртібінің кең көлемді мәселелері талқыланып, ықпалдастықтың басым бағыттары белгіленгенін жеткізді. Әуелі кезекте сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге назар аударылды.

– Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында елдеріміз арасындағы тауар айналымы жыл сайын жарты миллиард доллардан асады. Биылғы көрсеткіштерге де көңіл толады. Құрметті Түрікменстан Президентімен бірге өзара сауда көлемін бір миллиард долларға дейін ұлғайту үшін қажетті шараларды қолға аламыз. Осы мақсатта Қазақстан тауар айналымын ұлғайту жөніндегі жұмыс жоспарын қабылдауды ұсынды. Екі елдің бизнес өкілдерін қолдау үшін Сауда үйлерін ашу туралы шешім қабылдадық. Сондай-ақ қос мемлекеттің қалалары арасында тікелей коммерциялық әуе рейстерін ашу мәселесін қарастыруға келістік, – деді Президент.

Қазіргі уақытта көлік-транзит саласы стратегиялық басымдыққа ие. Бұл орайда Солтүстік – Оңтүстік көлік дәлізінің маңызды буыны ретінде Қазақстан – Түрікменстан – Иран теміржол бағдары ерекше рөл атқарады.

– Биыл он айда тасымал көлемі бір жарым миллион тоннаны құрап, 14 пайыз ұлғайды. Тарифтерді оңтайландыру, әкімшілік үдерістерді жеңілдету шаралары қабылданды. Шекара маңының инфрақұрылымы белсенді түрде дамып, өткізу бекеттері жаңғыртылып жатыр. Түрікменбашы – Гарабоғаз – Қазақстан шекарасы бағыты бойынша жол инфрақұрылымдарын ұштастыру мәселесі біртіндеп шешілуде. Контейнерлік тасымалды жандандыру үшін Каспийдегі Ақтау, Құрық, Түрікменбашы порттарының көлік-логистикалық әлеуетін толық пайдалануға уағдаластық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, келіссөздер барысында Ауғанстан арқылы өтетін Оңтүстік Азия бағытындағы теміржол желісін тарту перспективасы қарастырылған.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы ықпалдастықтың маңызды саласы саналатынына тоқталды.

– Қазақстан бидайын түрікмен нарығына жеткізу көлемін арттыруды егжей-тегжейлі талқылады. Сонымен қатар өсімдік майы, макарон және ет-сүт өнімдерінің экспортын ұлғайтуға мүмкіндігіміз бар. Түрікменстан-Ауғанстан шекарасында астық терминалын салу перспективасын пысықтадық, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, энергетика саласындағы бірлескен жобаларға баса мән берілген. Қазақстан түрікмен газын Қытайға тасымалдауда ұзақ жылдар бойы сенімді серіктес болып келеді.

Бүгінгі келіссөздер қорытындысы бойынша тараптар газды қайта өңдеу, көгілдір отын жеткізетін инфрақұрылымды дамыту жобалары аясындағы ықпалдастықты жалғастыруға уағдаласқан. Оған былтыр қол қойылған Газ саласын дамыту бойынша стратегиялық ынтымақтастық жөніндегі келісім негіз бола алады.

Еліміз мемлекеттік қызмет көрсетуді цифрландыру және IT технологияларды енгізу ісіндегі тәжірибесін ескере отырып, түрікмен тарапын аталған салада бірлескен жобаларды жүзеге асыруға шақырды.

Бұдан кейін екіжақты қарым-қатынасты өрістетуде мәдени-гуманитарлық байланыстар ерекше орын алатыны айтылды.

– Қазақ халқы Астанада өткен Түрікменстанның Мәдениет күндері мен түрікмен халқының ұлы ойшылы Мақтымқұлы Пырағының 300 жылдығына орай ескерткішінің ашылуын жылы қабылдады. Ашхабадта Абайға ескерткіш қойылуы халықтарымыздың достығы мен бір-біріне құрметінің тағы бір символы болды. Фестивальдер, гастрольдер және басқа да бірлескен іс-шаралар өткізу арқылы мәдениет саласында жан-жақты ықпалдастық орнату қажет екеніне тоқталдық. Ғылым-білім беру және жастар арасындағы байланысты дамыту перспективасы жан-жақты талқыланды. Түрікменстанда қазақстандық жоғары оқу орындарының бірінің филиалын ашу мүмкіндігін қарастыруды ұсындық, – деді Мемлекет басшысы.

Келіссөздер барысында президенттер өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері бойынша ұқсас ұстанымда екенін растаған.

– Өңірлік, сондай-ақ жаһандық ауқымда тұрақтылық, қауіпсіздік және орнықты дамуы қамтамасыз ету үшін түрікмен тарапымен тығыз ықпалдастық орнатуға әзірміз. Консультативтік кездесулер өткізу, сондай-ақ Каспий теңізінің проблемасы жөнінде ықпалдастық орнату өте өзекті. Қазақстан Ашхабадтың бастамасы бойынша жарияланған Халықаралық бейбітшілік және сенім жылы аясында Түрікменстан өткізген іс-шараларды жоғары бағалайды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөз соңында Президент Сердар Бердімұхамедовтің сапары Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы достық, тату көршілік және стратегиялық серіктестікті нығайтуға зор үлес қосатынына сенімді екенін жеткізді. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл сапар екі ел қарым-қатынасының тарихи кезеңіне бастау болады.

Сердар Бердімұхамедов мемлекеттер арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі кеңейтуге қатысты Түрікменстанның ұстанымымен бөлісті.

– Екіжақты күн тәртібін талқылау барысында сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға айрықша мән берілді. Өзара саудасаттық аясын кеңейту және әртараптандыру, сондай-ақ өнеркәсіп кооперациясы саласында бірлескен ауқымды жобаларды жүзеге асыру үшін инвестициялық саясатты жандандыру мәселелері қарастырылды. Бұл ретте екі мемлекеттің бизнес қоғамдастықтары арасындағы іскерлік байланыстарды нығайтудың маңызы зор. Энергетика – екіжақты ынтымақтастықтың басым бағыттарының бірі. Түрікменстан бұл бағыттағы жұмысты одан әрі жалғастыруға дайын. Сонымен қатар еліміздің электр энергиясы мен химия өнеркәсібіндегі серіктестікті нығайтуға айтарлықтай мүмкіндігі бар. Көлік және логистика өзара ықпалдастығымыздың стратегиялық сипатқа ие бағыты саналады. Қазіргідей күрделі геосаяси және геэкономикалық ахуал кезінде Шығыс – Батыс және Солтүстік – Оңтүстік бағдарындағы көлік-транзит дәліздерінің жұмысын жандандыру аса өзекті, – деді Түрікменстан Президенті.

www.akorda.kz

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

FAB-LAB ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЗЕРТХАНАСЫ АШЫЛДЫ

Талдықорған жоғары политехникалық колледжінде еліміздегі заманауи Fab-Lab инновациялық зертханасы ашылды. Инновациялық зертхана студенттердің инженерлік және цифрлық дағдыларын дамытуға бағытталған.


Fab-Lab (Fabrication Laboratory) – әлемнің жетекші оқу орындары қолданатын цифрлық өндіріс зертханалары желісінің халықаралық форматы.

Зертхана үш негізгі бағытта жұмыс істейді:

▲ Робототехника зертханасы – NAO гуманоид роботтары мен WorldSkills стандарттарына сай платформалар арқылы құрастыру және бағдарламалау дағдыларын дамытуға арналған.

* 3D модельдеу және 3D басып шығару зертханасы – Fusion 360, SolidWorks, Blender бағдарламаларында прототиптер мен цифрлық модельдер жасауға мүмкіндік береді.

▲ Жасанды интеллект зертханасы – Python, машиналық оқыту, компьютерлік көру және нейрондық желілер бойынша практикалық білім алуға бағытталған.



«Жұмысшы мамандықтар жылында осындай заманауи зертханалардың ашылуы – еліміздің болашақ инженерлері мен техниктерін дайындаудағы үлкен стратегиялық қадам. Fab-Lab жастардың тек оқып қана қоймай, нақты өнім жасап, инновациялық жобалар әзірлеуіне мүмкіндік береді. Бұл – еңбек нарығына қажетті жаңа буын мамандарын қалыптастырудағы маңызды бастама», – дейді Техникалық және кәсіптік білім беру департаментінің басшысы Әсет Мұхамбетов.

Жаңа орталық студенттерге теорияны тәжірибемен ұштастырып, өз идеяларын іске асыруға, өнеркәсіп пен IT саласына қажетті жобалар әзірлеуге жол ашады.

ҚР Оқу ағарту министрлігінің ресми интернет ресурсы

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА



«ҚОРҒАС ТОРАБЫ» ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ХАБЫН ДАМУ

Жетісу облысында «Қорғас торабы» трансшекаралық хабын дамыту мақсатында инвестициялар тарту, жүк ағыны мен транзитті ұлғайту, өткізу пункттерін жаңғырту жөнінде шаралар қабылданды. Мәселен, «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА мен «Қорғас» ШЫХО-ға екі мыңнан астам жұмыс орнын құрған 76 млрд. теңгелік 40 жоба іске асырылған.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының мәліметінше, олардың қатарында қуаты тәулігіне 1400 вагонды өндеуге мүмкіндік беретін «KTZE-Khorgos Gateway» құрғақ порты, «SSA FEED Mills» ЖШС-ның құрама жем өндіру зауыты, «Майами Солар» ЖШС-ның күн батареяларын өндіретін зауыты т.б. ірі жобалар бар. Жалпы 2027 жылдың соңына дейін 9 мыңнан астам жұмыс орны құрылатын, 1,1 трлн. теңгеге тағы 65 жобаны іске асыру жоспарлануда.

Бүгінгі күні «KTZE – Khorgos Gateway» құрғақ портының кеңейту жұмыстары аясында 2 темір жол жаңғыртылды, қосымша 8 жол салынып, қазіргі кезде 16 жол қызмет көрсетуде. Бұл терминалдың өткізу қабілетін жылына 540 мыңнан 800 мың контейнерге дейін, яғни бір жарым есе арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ «SKYHANSA» компаниясының халықаралық жүк-жолаушы әуежайын салудың инженерлік инфрақұрылымның жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Жобаға тартылатын инвестиция көлемі 250 млрд. теңге, 700 жұмыс орны ашылады.

Сонымен қатар «Қорғас» орталығында жаңғырту жасалып, екінші бағаж терминалы іске қосылды, Face ID және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграция енгізілді, жүк тасымалдау бойынша «Қазпошта» АҚ жұмысы басталды. Осының нәтижесінде орталыққа келушілер саны тәулігіне 2,5 мыңнан 5 мың адамға дейін өсті.

Ал «Нұр жолы» пунктінде өткізу қабілетін арттыру, көлік легін оңтайландыру және процестерді цифрландыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Тәулік бойы жұмыс режимі мен электронды кезек жүйесі енгізі-

ліп, соның нәтижесінде өткізу қабілеті екі есеге артып, тәулігіне 800-ден 1600 автокөлікке дейін өсті. Биыл «Нұр жолы» өткізу пунктінде ірі өлшемді және жеңіл көліктерге арналған ұзындығы 2,4 шақырым айналма жолдың құрылысы аяқталды. Жоба аясында көлік легін «Қорғас» орталығына бағыттау жоспарланып отыр, бұл өткізу пунктіндегі жүктемелі 40-45% төмендетуге мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, бельгиялық «Saron Kazakhstan» (SARENS) компаниясы екінші айналма жолдың, сондай-ақ ірі тоннажды көліктерге арналған уақытша қойма мен жинақтаушы алаңның құрылысын бастады. Жобаның құны – 8 млрд. теңге, құрылыс жұмыстары 2026 жылдың соңы аяқталады деп жоспарланған.

Сондай-ақ тауарлар экспортын арттыру мақсатында Алтынкөл-Жетіген екінші жолдарының құрылысы жүргізілуде, жалпы ұзындығы 294 шақырым, Жетісу облысынан 64 шақырымы өтеді, аяқталу мерзімі - 2026 жыл. Сонымен қатар, Ынтылы-Алтынкөл аралығындағы учаскеден «KTZE-Khorgos Gateway» компаниясының тиеу-түсіру терминалына апаратын темір жол құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленуде.

Осы жобаларды іске асыру Алтынкөл станциясының өткізу қабілетін тәулігіне 18-ден 30 пойызға дейін, ал жүк тасымалы 1,7 есеге артады. Бұл жобалар Қазақстан мен Қытай арасындағы жүк тасымалын ұлғайтып, әлеуметтік-экономикалық дамуға серпін бермек.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі
Фото: Дмитрий ЕРОФЕЕВ



БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМ ЖОЛЫНДА



Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығын қорытындылауға арналған «30 жыл – бірлік пен келісім жолында» атты республикалық форум өтті. Форумға этномәдени бірлестіктердің жетекшілері, этносаралық қатынастар саласының сарапшылары, сондай-ақ, ҚХА аясында жүзеге асырылып жатқан жастар, қайырымдылық, шығармашылық және білім беру бағыттарындағы жобалардың өкілдері қатысты. Айта кетейік, жыын өңірлердің озық тәжірибелерін ұсынатын бейне-конференцбайланыс форматында өткізілді.

Форумды ұйымдастырудың негізгі мақсаты – аймақтардағы үздік тәжірибелерді көпшілікке таныстыру, бірлік, қоғамдық

келісім және толеранттылық құндылықтарын нығайтуға елеулі үлес қосқан Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық институттарының еңбегін кеңінен атап өту. Сонымен қатар, алдағы уақыттағы жұмыс бағыттарын айқындап, жаңа жобалар мен бастамаларды ұсыну да форумның басты міндеттерінің бірі болды. Шара барысында «Ақсақалдар кеңесі», «Аналар кеңесі», «Ассамблея жастары», «Жомарт жан» қайырымдылық бағыты, этномедиация саласы, «Елтану» және «Жеңіс бірлікте» жобаларының жыл бойы атқарған жұмыстары мен негізгі қызмет бағыттары жан-жақты таныстырылды. Әр жоба қоғамдағы бірлік пен өзара түсіністікті нығайтуға қосқан нақты үлестерімен ерекшеленді. Жаңа жарық көрген кітаптың таныстырылымы өтіп, онда Ассамблея қызметінің үздік тәжірибелері мен тарихи маңызы бар деректер қамтылғаны атап өтілді. Сондай-ақ, ҚХА-ның дамуына ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп келе жатқан ардагерлер арнайы марапатталып, олардың еңбегіне құрмет көрсетілді.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС
«ЖЕДЕЛ ЧАТ» ҚЫЗМЕТІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Талдықорған қаласының Қоғамдық кеңес мүшелері шаһарымыздың аумағындағы келелі істерді айқындап, өзекті мәселелерді жүйелі түрде талқылап, халық пен билік арасындағы байланыстың артуына, сенімнің күшеюіне өзіндік ықпалын тигізіп келеді.

Осы аптада Қоғамдық кеңестің 11 отырысы өтіп, оның күн тәртібіне: «Талдықорған қаласының ішкі саясат бөлімі»ММ-нің қаладағы қоғамдық-саяси жағдайдың жай-күйі, үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс, қала аумағында тіркелмеген құрылымдардың деструктивті қызметін болдырмау, екінші, «Талдықорған қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ-нің халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету, пайдаланылмайтын жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жөніндегі жұмысы, үшінші «Талдықорған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ басшысының өзіне жүктелген міндеттердің орындалу барысы туралы мәселелер қойылды. Бірінші мәселе бойынша баяндама жасаған «Талдықорған қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ басшысы Ілияс Сағымбеков қаладағы қоғамдық-саяси жағдайдың барысымен таныстырды. Бүгінде 210 мыңға жуықтаған халқы бар қаламызда 18 бен 35 жас аралығындағы жастар саны – 55898 адамды құрайды. Ішкі саясаттағы ахуал әкім назарында. Қала тұрғындарының өтініштері мен шағымдары уақтылы және сапалы қаралып отырады. Қалада «Жедел чат» қызметі іске қосылған. Чатқа барлық мемлекеттік мекеме басшылары мен коммуналдық қызметтердің жауапты тұлғалары енгізілген. Әлеуметтік желілерде немесе қала тұрғындары тарапынан түскен кез келген наразылық, талқылау, келіспеушілік немесе теріс пікірлер чатқа жолданып, тиісті басшыға бекітіледі. Орындалу барысы, қорытындысы туралы чатқа ақпарат берілу міндетті. Бұл әдіс қаладағы ахуалды жедел бақылауға және тұрғындармен кері байланысты күшейтуге мүмкіндік беріп отыр. Екінші мәселе туралы баяндама жасаған, «Талдықорған қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ басшысы Назым Абдрахманова ағымдағы жылдың 10 айында атқарылған жұмыстардың барысымен таныстырды. Заңға сай қызметін атқарып отырған бөлімнің жүргізген жұмыстарының нәтижесінде қала аумағында жалпы ауданы 19 гектарды құрайтын 32 коммерциялық жер учаскесі, сонымен қатар «Шығыс» индустриялық аймағындағы 24,5 гектарды құрайтын 11 жер

учаскесі нысаналы мақсат бойынша пайдаланылмай отырғаны анықталған. Аталған учаскелер бойынша тиісті шаралар қабылдау мақсатында материалдар Жетісу облысының жер ресурстарын басқару департаментіне жолданып отыр. Үшінші мәселе бойынша баяндама жасаған «Талдықорған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ басшысы Данияр Шалғынбаев бөлімнің барлық жұмыстары заң талабына сай атқарылумен қатар, барлық мемлекеттік қызметтер электронды түрде көрсетіліп отырғанын атап өтті. Яғни, халыққа ыңғайлы болуы үшін Біржан сал көшесі, 101 мекенжайы бойынша Талдықорған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімінің ғимаратында ХҚКО-на жүгінбей ақ, «e-gov» Қазақстан Республикасының электрондық үкімет порталы арқылы мемлекеттік қызметтерді электрондық түрде алуына мүмкіндік бар. Жұмыс уақыты: аптаның дүйсенбісінен жұмаға дейін 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Қоғам үнін билікке жеткізіп, қарапайым халықтың қордаланған мәселесін шешуде белсенді қызмет атқарып отырған Қоғамдық кеңеске тұрғындар үлкен сенім артатыны куантады. Кеңестің кезекті отырысына «Қазақстанның саңыраулар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің «Талдықорған оқу-өндірістік кәсіпорны» мекемесі атынан үндеу жолданды. Үндеу мәтінімен мекеме басшысының орынбасары Адилет Айтбаев таныстырды. Ол қоғамдық бірлестіктің қаланың дамуына қосып отырған елеулі қызметі туралы баяндай келе, бүгінде жұмыспен қамтылып отырған 40-45 адамның тағдырына бей-жай қарамауды сұрады. Кезінде нарық заңдылығына шыдамай түрлі қиындықтарды басынан өткерген есту қабілеті нашар азаматтардың басын қосып 5-6 жыл көлемінде жиһаз жасау, тігін тігу кәсібін жолға қойған, өндіріс көлемін арттыру үшін жаңа ғимарат салып, заман талабына сай қондырғылар орнатқан ұжымның қаланың көгалдандыру ісіне үлесін қосуға қабілеті де қарымы да жетеді. Бірақ, мемлекеттік тапсырысты ұтып алу заңдылығындағы кейбір қайшылықтар жұмыс істеуге қолбайлау болып отырғанын алдыға тартты. Кеңес мүшелері бұл мәселені заң аясында шешуге кеңес беріп, қалыптасқан мәселені қаладағы билік өкілдеріне жеткізуге, шешімін табуға уәде берді.

Қоғамдық кеңес мүшелері күн тәртібіне қойылған мәселелер бойынша толғандырған сауалдарына жауап алып, бөлім басшыларының қызметіне қанағаттанарлық баға берді.

Гүлжанат МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

БӘРЕКЕЛДІ!
ЖАҢА «ZETA» САУДА ҮЙІ АШЫЛДЫ

Облыс орталығы Талдықорғанда «ZETA» сауда желісінің еліміз бойынша заманауи үлгідегі ең үлкен сауда үйі салтанатты түрде ашылды.



Қазақстандық «ZETA» өндірістік компаниясы 1996 жылдан бері ұлттық нарықта кең ассортименттегі жиһаз, пластик және металл өнімдерін шығаратын тұрақты көшбасшылардың бірі.

Сауда нысанының ашылуына қала әкімі Ернат Бәзіл арнайы қатысып, жобаның қала экономикасына оң әсерін атап өтті.

«Қаламызда осындай ірі сауда нысанының ашылуы өте маңызды. Біріншіден, бұл қала экономикасына тартылатын инвестиция көлемін арттырады. Екіншіден, тұрғындар үшін жаңа тұрақты жұмыс орындары ашылады. Біз қаламызда отандық ірі сауда желілерінің нүктелерін ашамын деген инвесторларға әрқашан қолдау көрсетуге дайынбыз. Бүгін ашылып отырған «ZETA»-ның ең үлкен сауда нүктесі қаламыздың экономикалық тұрғыдан дамып келе жатқанын, қала тұрғындарының әл-ауқатының артып отырғанын және

отандық өнімге деген сұраныстың көбейгенін көрсетеді», – деді қала әкімі.

Жалпы ауданы 5 мың шаршы метрді құрайтын екі қабатты ғимаратта үйге қажетті жиһаздардан бастап, тұрмыстық және интерьерге арналған түрлі бұйымдарға дейін кең таңдау ұсынылған. Заманауи талаптарға сай салынған нысан келушілердің барынша ыңғайлылығы ескеріліп жабдықталған.

Бүгінде жаңа ашылған сауда дүкенінде 55 қала тұрғыны тұрақты жұмыспен қамтылған.

«ZETA» сауда үйінің негізін қалаушы Мақсұт Омарбаев алдағы уақытта Талдықорғанда жиһаз құрастыратын арнайы цех ашуды жоспарлап отырғанын жеткізді.

Айта кетейік, жаңа ашылған «ZETA» сауда үйі Астана даңғылы, №5 мекенжайында орналасқан.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ
ҚАЛА ТЫНЫСЫ ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА

Талдықорған қалалық мәслихат депутаттарының бастамасымен кеңейтілген форматта мәңгелек үстел отырысы ұйымдастырылды.



Кездесудің басты мақсаты – ағымдағы жылы қаламыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытында атқарылған жұмыстардың қорытындысын шығарып, жүзеге асқан жобалар мен мәселелерді ашық таныстырып, сондай-ақ әлі де шешімін күтетін түйткілдерді айқындап, оларды келесі жылға арналған нақты жұмыс жоспарына енгізу және ортақ, тиімді шешімдер қабылдау. Депутаттық корпуспен, атқарушы органдармен және қоғам өкілдерімен бірлесе отырып, мәселелерді жан-жақты зерделеу, оларды жұмыс барысында ескеріп, ортақ мақсатқа жұмыла әрекет ету көзделген.

Халық қалаулылары мұндай форматтағы кездесулерді жыл сайын өткізіп, қаланың өзекті мәселелерін қоғаммен бірге талқылап, оларды шешудің ортақ жолдарын айқындап келеді. Бірлескен жұмыс дәстүрі қалыптасқан және оның нақты нәтижелері бар.

Депутаттар жыл басынан бері бірқатар жүйелі жұмыстар атқарды.

Айтар болсақ, тұрақты комиссиялар – 21 отырыс өткізіп, қала өміріне қатысты маңызды мәселелерді жан-жақты қарастырып, сессия отырыстары – 17 рет ұйымдастырылып, онда бюджет, бағдарламалық құжаттар, қала инфрақұрылымы және әлеуметтік сала бойынша шешімдер қабылданған.

8 бағыт бойынша көшпелі іс-шаралар өткізіліп, нақты нысандардағы жағдаймен танысу, өзекті мәселелерді көзбен көру қамтамасыз етілген.

Тұрғындармен 39 жеке кездесу ұйымдастырылып, азаматтардың ұсыныстары мен өтініштері тыңдалған. Алты кездесу Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзілдің қатысуымен өткізілген.

Әр депутат өз округінде жүйелі түрде

жұмыс жүргізіп, тұрғындармен кездесулер өткізіп, инфрақұрылым, әлеуметтік қолдау, жол, ауыз су, жарықтандыру және қоғамдық қауіпсіздік мәселелерін көтеріп келеді. Осы кезең ішінде депутаттық 39 сауал жолданып, өзекті мәселелердің шешілуіне бақылау жүргізілген. Қаламыздың өркендеуіне үлес қосу, тұрғындар көтерген мәселелерді жүйелеу және шешу жолдарын анықтау бағытындағы ортақ еңбектің нәтижесі дөңгелек үстел басында қорытындыланып, инфрақұрылым, қоғамдық қауіпсіздік, әлеуметтік нысандардың жай-күйі, білім беру сапасы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлікті қолдау және ауылдық округтердің мәселелері ортаға салынды. Қаламыздың мәселелері ашық талқыланып, атқарушы органдардың, құқық қорғау құрылымдарының, білім беру саласының, кәсіпкерлер мен қоғам өкілдерінің пікірлері назарға алынды.

Кездесуге облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, қалалық атқарушы органдардың өкілдері, Еркін мен Өтенай ауылдық округтері әкімдерінің орынбасарлары, полиция және төтенше жағдайлар басқармалары, білім бөлімі, кәсіпкерлер мен кәсіпорындар өкілдері, «Атамекен» Жетісу облысының өңірлік кәсіпкерлер палатасы, Қоғамдық кеңес пен түрлі қоғамдық ұйымдар мүшелері, ақсақалдар және бұқаралық ақпарат құралдары қатысты.

Дөңгелек үстел қорытындысында қаланың дамуына ерекше үлес қосқан, әртүрлі салалардағы табысты еңбегімен ерекшеленген мемлекеттік қызметшілер, мұғалімдер, полиция қызметкерлері, кәсіпкерлер, жұмысшылар, қоғамдық ұйымдар мен белсенді азаматтар Талдықорған қалалық мәслихат тарапынан марапатталды.

Гүлжанат НҰРШАНОВА

КОНКУРС ПУТЕВОДНАЯ ЗВЕЗДА БУДУЩЕГО

В Талдықоргане прошел второй этап общенационального конкурса «XXI Ғасырдағы Алаштың Ақ Жолы», в котором молодые исследователи со всех регионов страны представили новые взгляды на наследие движения «Алаш» и еще раз подчеркнули вечную актуальность национальной идеологии.

Торжественное мероприятие началось с приветственного слова председателя областного маслихата Гульнар Тойлыбаевой. Она выразила благодарность прибывшим гостям и подчеркнула основную цель мероприятия – осмысление и популяризацию политического опыта, экономической программы и духовного наследия движения «Алаш» в контексте модернизации современного казахстанского общества. После состоялась церемония возложения корзины цветов к памятнику Ильяс Жансугурова, ставшей символом уважения к духу деятелей движения «Алаш».

Далее уже в стенах Жетысуского университета председатель Демократической партии «Ақ жол», депутат Мажилиса Парламента РК Азат Перуашев и заместитель председателя партии Иса Казыбек вручили медали «Qazaq Republic. Alash» выдающимся артистам драматического

театра имени Б. Римовой Кендебая Темірбайұлы и Алмахан Кенжебек. Награда стала заслуженной оценкой их вклада в развитие национальной культуры.

Выступая перед участниками, Азат Перуашев отметил непреходящее значение идей движения «Алаш» и их прямую связь с современностью:

– В основе движения «Алаш» лежат экономическая самостоятельность, построение цивилизованного государства, демократические принципы и парламентаризм. Некоторые воспринимают данное движение лишь как историю. Я с этим не согласен. «Алаш» – это наше сегодня и наше будущее, и молодежь должна глубоко изучать его идеи, – подчеркнул лидер партии.

Общенациональный конкурс «XXI Ғасырдағы Алаштың Ақ Жолы» проводится в 13-й раз и направлен на объединение та-



лантливой молодежи в возрасте до 35 лет, интересующейся наследием движения «Алаш». С 2013 года проект стал доброй традицией и ежегодно проходит в разных регионах страны, в этом году – в области Жетісу. В целом поступило около 430 научных работ, из которых 42 лучших были отобраны для участия во втором этапе. Исследования соискателей оценивались по четырем номинациям: «Социально-политическая идея «Алаш» и ее преемственность в современном Казахстане», «Духовно-просветительская деятельность движения «Алаш» и ее значение для современного казахстанского общества», «Экономические воззрения деятелей движения

«Алаш» и развитие предпринимательства», «Белые пятна: неизвестные страницы истории «Алаш».

В состав жюри вошли: заместитель декана по воспитательной работе гуманитарного факультета Жетысуского университета им. И. Жансугурова Даулеткерей Мулик, руководитель отдела детской и юношеской литературы представительства Союза писателей Казахстана, обладатель гран-при конкурса «Алаштың Ақ жолы – 2015» Елдос Токтарбай, а также ассоциированный профессор кафедры казахской литературы ЕНУ им. Л. Гумилева, к.ф.н. Кайырбек Кеменгер. Они провели всесторонний анализ работ и дали объективную оценку

каждому участнику.

Финальный этап конкурса состоится в Астане накануне Дня Независимости.

Наследие «Алаш» — это не тень прошлого, а путеводная звезда настоящего и будущего. Идеи справедливости, равенства, просвещения и ответственности, заложенные лидерами движения, продолжают определять вектор развития казахстанского общества. И совершенно очевидно: будущее национальной мысли — в руках поколения, способного осмыслить прошлое, верно оценить настоящее и уверенно шагнуть в завтрашний день. Именно такими и являются молодые «алашведы», собравшиеся в Жетісу.

ЮБИЛЕЙНАЯ ДАТА ZHETISU WOMEN FORUM 2025



Ассоциация деловых женщин области Жетісу провела I региональный форум «ZHETISU WOMEN FORUM 2025», приуроченный к празднованию 30-летия Ассоциации деловых женщин Казахстана. Мероприятие под названием «Бақ береке» прошло на площадке Палаты предпринимателей «Атамекен» и собрало бизнесменов, предпринимателей, руководителей и специалистов различных компаний, в целом, людей, не равнодушных как к своему делу, так и к статусу города и области.

В своем приветственном слове председатель АДЖ области Жетісу Анель Капекова отметила, что Ассоциация деловых женщин Казахстана была создана в 1995 году Раушан Сарсенбаевой, ныне она - Президент АДЖ Казахстана. Заслуженный деятель РК, кандидат экономических наук, доктор социологических наук, профессор. На сегодняшний день ассоциация функционирует в 21 регионе страны и объединяет более 15 тысяч женщин предпринимателей, работающих в бизнесе, политике и социальном предпринимательстве.

Ассоциация деловых женщин области Жетісу создана в апреле 2025 года. Сегодня ее представляют 40 прекрасных, ярких и активных представительниц бизнеса. За эти годы АДЖ региона проведены такие крупные проекты, как «Караван доброты» в помощь нуждающимся, международный проект «Климат не ждет» по защите экологии региона и озера Балхаш, Фонд «Другая жизнь», направленный на психологическую и образовательную поддержку детей с особыми потребностями, новогодний бал «Бақ береке» для сбора спонсорских средств.

«У нас есть история – 30 лет, у нас есть ресурсы – более 15 тысяч успешных женщин

по всему Казахстану, у нас есть значимые международные проекты, мы узнаваемы в международном сообществе, мы видимы, мы значимы, а поэтому лидеры по праву», – добавила Анель Капекова, пожелав своим соратницам дальнейшего вдохновения и поблагодарив акима Талдықорғана за поддержку предпринимателей.

В свою очередь глава города Ернат Бәзіл заверил, что местное руководство готово и дальше поддерживать предпринимательство, особенно малый и средний бизнес, от которого во многом зависит благосостояние областного центра, работать над устранением барьеров между властью и бизнесом, искать совместные пути решения возникающих проблем. Подчеркнул, что снижение розничного налога с 4% до 2%, к которому первым пришел Талдықорған, одно из доказательств тому.

Специальными гостями форума стали: Меруерт Жунісбек – эксперт публичных выступлений, глава Ассоциации спикеров в Казахстане, основатель Центра коммуникативного развития НИКА, Сандугаш Шаймерден – основатель Центра профессиональных бухгалтерских услуг, Шынғыс Нургожаев – директор Талдықорғанского высшего политехнического колледжа, Азамат Сарсембаев – основатель и руководитель клуба бизнесменов «Альянс Стратег Казахстан и Центральная Азия», а также действующие предприниматели области, выступившие с живыми кейсами и поделившиеся историями взлетов и падений.

В целом форум был направлен на укрепление статуса предпринимателя в области и за ее пределами, развитие женского предпринимательства и лидерства, создание свободных площадок для обмена опытом, диалогов, профессионального роста, расширения деловых связей.

Фото Олжаса КУРМАШЕВА

НАУКА БЕЗ ГРАНИЦ ЖЕТИСУСЕЦ ПРЕПОДАЕТ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК В ОКСФОРДЕ

В начале ноября в сети Instagram появилась информация, что впервые в истории парень из Казахстана преподаёт казахский язык в Оксфорде:

«Знакомьтесь — это Дидар Садык. Он родом из маленького аула Карашо-кы. С детства он очень любил казахский язык, слушал, как говорят старшие, и мечтал однажды рассказать о нем всему миру.

Дидар окончил факультет филологии Казахского национального университета им. Аль-Фараби, а после начал работать в Институте языкознания им. Ахмета Байтурсынова. Там он понял, что хочет не просто изучать язык, а делиться своей культурой и языком с миром.

Сегодня он преподаёт казахский язык в Оксфордском университете!..»

Спустя некоторое время мы узнали, что Дидар – наш земляк, уроженец Алматинской области, а сейчас области Жетісу: село Карашо-кы расположено в Кербулакском районе. И, к счастью, нам удалось связаться с молодым парнем, хоть между странами и разница во времени.

О жизни в Оксфорде Дидар рассказывал, что она одновременно и суетлива, и наполнена вдохновением:

«Здесь традиции старейшего университета и динамика современной эпохи тесно переплетаются между собой. Спешащие утром на лекции студенты, выглядывающие из-за каждого угла древние стены колледжей, безмятежная тишина библиотек – все это стало неотъемлемой частью моей повседневной жизни».

Молодой человек преподаёт казахский язык в Оксфорде с начала 2025 года. За короткое время эта инициатива превратилась из сложного исследовательского проекта в настоящую культурную миссию. В занятиях участвуют не только студенты, но и докторанты, преподаватели, тюркологи, исследователи Ближнего Востока, постдоктора, специалисты в области дипломатии и даже студенты инженерного профиля.

«Отмечу, что преподавание казахского языка – не моя личная идея. Данная инициатива стала возможной благодаря прошедшим соглашениям и поддержке на нескольких институциональных уровнях. В 2024 году министром науки и высшего образования Республики Казахстан Саясатом Нурбеком, директором Института язы-



кознания имени Ахмета Байтурсынова Анарой Фазылжан, а также директором инициативы «Birsöz» Оксфордского университета Лейлой Наджафзада были подняты вопросы популяризации казахского языка в мировой академической среде и внедрения в международные научные программы, – поясняет Дидар Садык. – В результате этих встреч и соглашений было принято решение об обучении казахскому языку в Оксфордском университете на основе пилотного исследовательского проекта с оказанием поддержки со стороны нашего государства. Данный проект позволит повысить научный потенциал казахского языка и представить его международной аудитории по системной и современной методике».

По словам нашего героя, хоть программа сейчас находится на пилотной стадии, велика вероятность, что она станет постоянным курсом. А пока преподавание родного языка вдали от Родины для Дидара – не просто работа, а исполнение большой мечты соединить культуру и язык Казахстана с миром.

В ближайших планах молодого преподавателя — полностью завершить этот проект и подготовить грамматический справочник казахского языка для англоязычной аудитории. В дальнейшем, основываясь на результатах этого исследования, приступить к разработке материалов, которые позволят обучать английскому языку уже через казахский язык.

Подготовила Алма УРАЗАЕВА

МӘМС ЖӨНІНДЕГІ ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ КҮШЕЙТІЛУДЕ

Қала әкімдігінің мәжіліс залында қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабековтың төрағалығымен халықты міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне тарту мәселелеріне арналған штаб отырысы өтті.

Жиында «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының» Жетісу облысы бойынша филиалының басшысы Мадина Нұрғалиева және қала әкімі аппаратының бас инспекторы Салтанат Талдыбаева атқарылған жұмыстың динамикасы мен талдауы жөнінде баяндама жасады.

Отырысқа Өтенай және Еркін ауылдық округтері әкімдерінің орынбасарлары, полиция басқармасының және мемлекеттік кірістер басқармасының өкілдері, сондай-ақ қалалық медициналық ұйымдардың басшылары қатысты.

Бүгінде Талдықорғанда 32 мыңнан астам тұрғынның міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне қатыспай отырғаны атап өтілді. Бұл олардың профилактикалық тексерулер мен скринингтерді, маман дәрігерлердің консультацияларын, диагнос-



тикалық зерттеулерді және жоспарлы госпитализацияның бірқатар түрлерін қамтитын кеңейтілген медициналық қызметтер пакетіне қол жеткізуіне кедергі келтіреді.

Отырыс қорытындысында қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков тиісті мекеме басшыларына тұрғындармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтуді, ведомстволық өзара іс-қимылды арттыруды және белгіленген міндеттерді жауапкершілікпен орындауды тапсырды.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ЗАМАНАУИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ БЕЙНЕСІ: КӘСІБИЛІК ЖӘНЕ АШЫҚТЫҚ

Қазіргі қоғамдағы қарқынды өзгерістер, цифрландыру үдерістері және азаматтардың мемлекеттік институттарға деген жоғары талаптары мемлекеттік қызмет жүйесінің жаңа сапалық деңгейге көтерілуін қажет етеді. Осыған байланысты «заманауи мемлекеттік қызметші» ұғымы түбірімен жаңарып, жаңа мазмұнға ие болуда. Бүгінде мемлекеттік қызметші тек билік өкілі емес, ол – қоғаммен тиімді байланыс орнататын, ашықтық қағидаларын ұстанатын, кәсіби қабілеті жоғары маман.



Кәсібилік – мемлекеттік қызметшінің негізгі құндылығы.

Заманауи мемлекеттік қызметші бейнесінің өзегі – кәсібилік. Бұл ұғым бірнеше компоненттен тұрады:

1. Терең білім мен үздіксіз даму

Қоғамдағы өзгерістер жылдам болғандықтан, мемлекеттік қызметшілер өз білімін жаңартып, кәсіби дағдыларын үздіксіз жетілдіруге міндетті. Олар заңнамалық өзгерістерді дер кезінде меңгеріп, стратегиялық басқару, мемлекеттік бағдарламаларды жоспарлау және іске асыру саласында да білікті болуы тиіс.

2. Іскерлік және басқарушылық қабілеттер

Заманауи қызметші проблемаларды дер кезінде анықтап, тиімді шешім қабылдай алуы қажет. Коммуникация, келіссөз жүргізу, командада жұмыс істеу және жобалық басқару қабілеттері де кәсібиліктің маңызды бөлігіне айналған.

3. Этикалық нормалар мен адалдық

Кәсібиліктің айқын көрсеткіші – адалдық, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, мемлекеттік мүддені жеке мүддеден жоғары қою. Этикалық мінез-құлық мемлекеттік қызметке деген сенімді қалыптастырады.

Заманауи мемлекеттік қызметші – кәсіби білімді, жоғары мәдениетті, қоғаммен ашық түрде қарым-қатынас жасай алатын, этикалық нормаларды берік ұстанатын тұлға. Оның қызметінің ашықтығы мен сапасы мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттырып қана қоймай, азаматтардың билікке деген сенімін нығайтады. Сондықтан кәсібилік пен ашықтық қазіргі мемлекеттік қызметшінің ажырамас қасиеттеріне айналып отыр.

Абылхан Берік Нұрланұлы,
Талдықорған қаласы бойынша Әдеп жөніндегі уәкілі



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

ТЕАТРДАҒЫ ӘРБІР ЕҢБЕК – ӨНЕРГЕ ЖОЛ АШАР ҚАЗЫНА

Б. Римова атындағы театрда сахнадағы тамаша қойылымдар тек актерлердің ғана емес, әрбір қызметкердің қажырлы еңбегінің нәтижесі. Солардың бірі – шаруашылық бөлімі менеджері, театрдағы тазалық пен тәртіптің қамқоршысы Иманбердиева Бақыт Тұрысқалиқызы.

1970 жылы Сарқан қаласында дүниеге келген ол Сарқан мәдени-ағарту училищесінде «Хореографиялық ұжымның жетекшісі» мамандығы бойынша білім алған.

Театрдағы еңбек жолын тазалықшы ретінде бастаған ол, бүгінде үлкен жауапкершілік талап ететін менеджерлік қызметті атқарады. Оның еңбегі театрдың ішкі өмірінің тыныштығын, сахнаның үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

«Күн сайын біз қызметкерлерімізбен бірге ғимаратты тазалаудан бастаймыз. Менің қызметкерлерім өте жауапты, олардың арқасында театр әрдайым таза, әр бұрышында тәртіп пен тазалық сақталады», – дейді кейіпкер.

Театрдағы жұмыс – бұл тек заттарды тазалау емес. Күтпеген сәттер, сахнаға шығатын қонақтармен кездесу, грим бөлмесін дайындау, актерлердің өздерін жайлы сезінуін қамтамасыз ету мұның барлығы кәсібилік пен адамгершілікті, шыдамдылық пен жауапкершілікті талап етеді.

«Біздің театрда өте қызықты әрі пайдалы нәрселер көп. Музыка, драма, комедия, әр қойылымда адам эмоциясын терең сезінеді, әр сахналық көрініс көңілге қуаныш сыйлайтын сиқырлы әлем», – дейді ол.

Бақыт Тұрысқалиқызы жастарға да театрға жиі барып, өздерінің мәдени көркемдік дүниесін кеңейтуге кеңес береді. Шынында да, әрбір еңбек адамы – қоғамның тірегі, оның қажырлы еңбегі мен адалдығы көрермендерге қуаныш, өнерге деген сүйіспеншілік сыйлайды. Еңбек әр адамның асыл қазынасы, ал театрдағы еңбектің әрбір сәті – өнерге жол ашатын алтын көпір!



ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫНАН ЖАҚСЫ ӨНІМ ЖИНАЛДЫ

Өңіріміз үшін маңызды ауылшаруашылығы дақылдарының бірі қант қызылшасын жинау науқаны Талдықорғанда сәтті аяқталды. Биыл 89 гектар алқаптан 2 336 тонна қант қызылшасы жиналып, орташа өнімділік гектарына 262,5 центнерді құрады.

Қала аумағында орналасқан 4 шаруа қожалығы биыл 89 гектар жерге қант қызылшасын еккен болатын. Жиналған өнім Көксу қант зауытына тасымалданауда. Шаруалар қант өндірісін дамытуға ерекше назар аударып, келер жылы егіс алқабын 150 гектарға дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр.


Қалалық ауылшаруашылығы басқармасының мәліметінше, биыл Талдықорғанда 6 мың гектардан астам жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Оның ішінде дәнді дақылдар бойынша 7 534,8 тонна астық жиналды.

Сонымен қатар, 2 000 гектардан астам жерге майлы дақылдар егіліп, одан 6 153 тонна өнім алынған.



ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының «Басқыншы» шекара бөлімшесі Крылов орта мектебінде «Жас шекарашы» үйірмесімен бірлесіп «Қалашников автоматын толық емес бөлшектеу және қайта жинауға жаттығу» тақырыбында шара өткізді.



Шара барысында оқушыларға қару құрылымы, қауіпсіздік талаптары мен оны бөлшектеу-жинақтау тәртібі түсіндіріліп, тәжірибелік түрде орындалды. Бұл үйірменің негізгі мақсаты – жас буынның бойында Отанға деген сүйіспеншілікті, әскери-патриоттық сананы қалыптастыру болып табылады.

Жастарды әскери қызметке қызықтыруға бағытталған мұндай іс-шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын таба-тын болады.

ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫМЕН КЕЗДЕСУ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті жеке құрамының қазақтың танымал боксшысы, Олимпиада чемпионы Ермахан Ыбырайымовпен кездесуі өтті.



Кездесу барысында чемпион жеке құрамға өз өмір жолы, спорттағы шыңдалу кезеңдері мен ел намысын қорғаудағы жауапкершілік туралы әсерлі әңгімелеп, жігер мен рух беретін тәлімді ойларымен бөлісті. Сондай-ақ, жастарды еңбекқорлыққа, төзімділікке және мақсатқа адалдықпен ұмтылуға үндеді. Мұндай жүздесулер әскери қызметшілердің рухын көтеріп, патриоттық сезімін нығайта түсетіні сөзсіз.

ЕРЛІК САБАҒЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің өкілдері Алматы қаласындағы №185 мектеп-гимназиясының оқушыларына ерлік сабағын өткізді.



Сабақ барысында шекарашылардың күнделікті қызметі, Отан қорғаушылардың жауапты міндеттері туралы айтып, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берілді. Сонымен қатар, оқушылар шекара қызметінің тарихы, батырлық дәстүрлері және қазіргі кездегі әскери қызметтің ерекшеліктері туралы толық ақпарат алды. Сабақ барысында жастардың сұрақтарына жауап беріліп, олардың патриоттық сезімін оятуға бағытталған қызықты тәжірибелік элементтер ұйымдастырылды.

Ерлік сабағының мақсаты – жас ұрпақты Отан алдындағы борышқа деген құрметке, патриоттыққа баулу, олардың бойында азаматтық жауапкершілік пен рухты қалыптастыру.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша департаменті

КӨШІ-ҚОН ЗАҢНАМАСЫН САҚТАУ

Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында: «Еңбек нарығын, көші-қон мәселесін реттеу саласында есепке алудың орталықтандырылған жүйесі жоқ. Бұл жағдай осы саладағы болжау жұмысының сапасына және шешімдердің тиімділігіне кесірін тигізеді. Үкімет ел ішіндегі және шетелдегі көші-қон ағынының есебін жүргізетін бірыңғай цифрлық жүйе енгізуге тиіс», - деп атап өтті.



Жетісу облысының көші-қон ахуалына жүргізілген кешенді мониторинг өңірде көші-қон заңнамасын сақтау және шетелдіктердің жүріп-тұруын бақылау бағытында ауқымды жұмыс атқарылғанын көрсетті. Бұл туралы Жетісу облысы ПД көші-қон қызмет басқармасының бастығы Ерлан Раймбеков баспасөз мәслихатында баяндады.

Облыс аумағына «eQonaq» ақпараттық жүйесі арқылы барлығы 27 989 шетелдік келіп тіркелген. Оның ішінде 14 058 азамат уақытша тұру мақсатында көші-қон бөлімшелерінде есепке алынған. Келушілердің негізгі бөлігін Өзбекстан азаматтары құраса, сондай-ақ Қытай, Ресей, Тәжікстан, Қырғызстан, Түркия, Жапония, Әзірбайжан, Беларусь, Моңғолия, Үндістан, Ұлыбритания және АҚШ азаматтары тіркелген. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 43,4 пайызға жоғары.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің биылғы 23 сәуірдегі №323 бұйрығына сәйкес қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын қалыптастыруға бағытталған алты жедел-профилактикалық іс-шара өткізілді. Соның нәтижесінде 5 638 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Көші-қон заңнамасын бұзу бойынша ең көп анықталған

фактілер – тіркеусіз тұру, шетелдіктердің көші-қон ережелерін сақтамауы және шетелдік жұмыс күшін заңсыз тарту жағдайлары.

Қабылданған шаралар нәтижесінде сот шешімімен 339 шетелдік елден шығарылды. Сонымен бірге көші-қон саласындағы заң бұзушылықтар бойынша төрт қылмыстық іс қозғалды. Оның үшеуі мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өту фактілеріне қатысты болса, бір іс – заңсыз көші-қонды ұйымдастыру дерегіне байланысты. Алакөл ауданында анықталған Өзбекстан азаматының шекараны заңсыз айналып өту фактісі бойынша материалдар тіркеліп, сотқа дейінгі тергеу басталған. Заң бұзушылықтар үшін жалпы сомасы 41,5 миллион теңгеден астам айыппұл салынып, толық көлемде өндірілді. Сонымен бірге алименттен жалтарып жүрген 57 тұлғаның 22-сі, борышкерлердің 53 тұлғасының 27-сі табылып, жауапкершілікке тартылған.

Құжаттандыру бағытында да оң динамика байқалды. 10 ай ішінде облыстың 91 214 тұрғыны жеке куәлік немесе телқұжатпен құжаттандырылды. Ал тұрғылықты жері бойынша 28 168 азамат тіркеліп, 6 829 адам тіркеуден шығарылған.

Жетісу облысында Қазақстан азаматтығын қабылдаған шетелдіктер саны да артты. 2025 жылы 849 адам азаматтық алған. Сонымен қатар 334 адам Қазақстан азаматтығынан шыққан, 88 тұлға – Қазақстан азаматы деп танылған. Өңірде 1 380 шетелдікке тұрақты тұруға рұқсат беріліп, 21 азаматтығы жоқ тұлға тиісті куәлікпен қамтамасыз етілген.

Жетісу облысы Полиция департаментінің көші-қон қызметі атқарылған жұмыстар өңірдегі көші-қон ахуалын бақылауды күшейтіп, заң бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік бергенін атап өтті. Көші-қон саласындағы мониторинг пен профилактикалық шаралар алдағы кезеңде де жалғасады.

Арай НҰР

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ – АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

А.С.Макаренко атындағы №6 орта мектебі кәмелетке толмағандар арасындағы және оларға қатысты құқық бұзушылық, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша 2025-2027 жылдарға арналған ведомствоаралық кешенді жоспарды басшылыққа ала отырып жүйелі жұмыс атқаруда.

Әдепсіздік пен тәртіпсіздіктің етек алып кетпеу қауіп-қатеріне байланысты оқу жылының басында мектептегі жасөспірімдермен жұмыс істеуге, мектептегі тәртіпсіздікті болдырмау немесе алдын алу мақсатында білім шаңырағында «Профилактика кеңесі» құрылып, оның мүшелері сайланды. Кеңес отырысы уақытылы өткізіліп, нәтижесі шығарылып тұрады. Қазіргі таңда 5 хаттама толтырылып, отырыстары өткізілді. Бүгінгі күні қалалық ІІБ бақылауында оқушы жоқ. Мектепшілік бақылауда: 4 оқушы тіркелген. Осы оқушылар әкімшілік, психолог, мектеп инспекторы, сынып жетекшісі тарапынан қатаң қадағалауға алынды: тәртібі, сабаққа қатысуы, оқу үлгерімі, құрал-жабдықтары күнделікті тексеріледі. Әр балаға тәлімгер тағайындалды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында оқушылар және құқық қорғау орган қызметкерлері, нарколог, гинеколог дәрігерлерімен, сыбайлас жемқорлықпен күресу бөлімінің мамандарымен кездесулер ұйымдастырылып, жыныстық тиіспеушілік, зорлық-зомбылықтың, өзіне өзі қол жұмсау, бопсалау әрекеттерінің алдын алуға бағытталған жұмыс жүргізілді. Қыркүйек айында «Жасөспірімдердің арасында құқықбұзушылықтың алдын алу», жолда жүру ережесін сақтау, зорлық-зомбылық, қыздар және ұлдар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, мектептің ішкі тәртібін сақтау сынды бірқатар тақырыптарда жиналыс өткізілді. Сонымен қатар, «Балалар және бағдаршам» жобасы аясында А.С.Макаренко атындағы №6 орта мектептің аға инспекторы, полиция капитаны С.Қараулов және жас полиция көмекшілерімен бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда «Кәмелетке толмағандармен және оларға қатысты есірткіге қарсы, психотропты заттар, электронды темекі жасалатын қылмыстардың алдын алу сонымен қатар зиянды заттарды қолданбау, олардың алдын алу» тақырыбында түсіндірме жұмысы өтті. Мектеп гинекологы Б.К. Серікованың қатысуымен қыздарға бағытталған «Ерте жүктілік» туралы, №1 аурухана мамандарының қатысуымен вирустық гепатит, Талдықорған қаласының жастар орталығының психолог маманы Сәния Әбдікәрім, Жетісу облысы жастар орталығының психолог маманы Салтанат Джумабаева нашақорлыққа қарсы жиынын өткізді. Осы аталған тақырыптарда жалпы 18 кездесу ұйымдастырылды, 735 оқушы қамтылды. 2025-2026 оқу жылының тәрбие жоспарына сәйкес, 11 қараша - 11 желтоқсан аралығында, жасөспірімдер, оқушылар арасында құқық, тәртіп бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқық бұзушылықтың алдын алу айлығының жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Жоспарға сәйкес барлық іс-шаралар уақытылы өткізіліп, нәтижелері шығарылуда. Сонымен қатар «Бала құқығы – адам құқығы» атты ҚР онкүндік іс – шаралар ұйымдастырылды. 2025-2026 оқу жылы жарты жылдығы бойынша мектепте қолайсыз жағдайлар тіркелмеді.

Болашақ ұрпақтың тәрбиелі, мәдениетті де білімді болуы ең алдымен, ата-анадан, отбасы – ошақ қасынан басталмақ. Дана қазақтың «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деген даналық сөзі тегін айтылмаса керек. Жас ұрпақты тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесі бар екені даусыз. Сондықтан, сол мол тәжірибені пайдалануға тырысып, ең бірінші жаны таза, рухани биік, адамгершілігі мол, халқына пайдасын тигізетін адам тәрбиелеуде отбасының да рөлі ерекше.

Шыңғыс НЕМЕРЕБАЕВ,
А.С.Макаренко атындағы №6 орта мектебінің
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГ, ЖОЛ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ

Сайын Мұратбеков атындағы №9 орта мектебінде оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында кездесу ұйымдастырылды.

Жиын барысында Талдықорған қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПТ-нің учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Залха Булдыбаева және ДТІЖО Шыңғыс Насыров «Буллинг және кибербуллинг, жол ережелерін сақтау» тақырыптарында бастауыш сынып оқушыларымен профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Шараның негізгі мақсаты – оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, жол қозғалысы ережелерін түсіндіру және қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру. Сонымен қатар, балаларды өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауға, бір-біріне құрметпен қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу, интернетті қауіпсіз пайдалану мәдениетін нығайту, жол ережелері дағдыларын дамыту көзделді. Мектеп ұжымы мұндай кездесулер жас ұрпақтың құқықтық мәдениетін арттырып қана қоймай, олардың бойында Отанға, заңға және адалдыққа деген құрметті қалыптастыратынын атап өтті.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ДІН-ДІҢГЕК ЖАҢАДАНУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ

Бүгінгі таңда әлемдегі ақпарат алмасу бұрын-соңғы болмаған деңгейге жетті. Технология, ғылым, экономика және мәдени ықпалдастық адамзаттың дамуына жаңа мүмкіндіктер ашуда. Бұл – жаһанданудың оң қыры. Алайда, бұл үрдіс рухани құндылықтардың әлсіреуіне де себеп болуы мүмкін. Осы орайда имам ретіндегі парызымыз осы үдерісте қоғамға дұрыс бағыт-бағдар беру, рухани иммунитет қалыптастыру.

Әрбір халықтың мәдениеті оның болмысы екені анық. Біздің халқымыздың мәдениеті де ғасырлар бойы исламдық құндылықтармен біте қайнасып дамыды. Қонақжайлық, бауырмалдық, үлкенді құрметтеу мұның бәрі халқымыздың мінез-құлқына сіңген асыл қасиеттер. Сондықтан бүгінгідей жаһандану жағдайында бізге қажет нәрсе ислам құндылықтарына қайшы келмейтін жаңалықтарды игеру, зияндысы мен арсыздығынан алшақ болу. Мұсылманның ұстанымы тамырынан ажырамау, білім-ғылымға ұмтылу, отбасы тәрбиесін дарыту сынды қағидалардан тұрады. Біз осы құндылықтарға берік болып, ұлттық мәдениетімізді қадірлесек өркениет көші бізді әлсіретпей, керісінше алға жетелейді. Алла Тағала бізді тура жолдан тайдырмай, рухани құндылықтарымызды сақтап қалуға күш-қуат берсін!

Жансерік АЛПЫСБАЕВ,
Талдықорған қаласы «Нұр» мешітінің
бас имамы

ҚАУІПСІЗДІК

ШАЛҒАЙ АУЫЛДАРДА ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ

Жетісу облысында өрт қауіпсіздігі айлығы жалғасып жатыр. Айлық аясында Төтенше жағдай департаменті қызметкерлері шалғай елді мекендерге шығып, өрттің алдын алу және үіс туіп ұла-ну қаупін төмендету мақсатында рейдтер жүргізуде. Тексеру барысында мамандар тұрғындарға өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіріп, пештің жылыту жүйесін тексерді, әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтардың үйлеріне улы газды анықтайтын датчиктер орнатты. Атап ойтқанда облыс бойынша әлеуметтік әлжуаз топтағы отбасылардың үйіне биыл 2085 датчик қойылды.



Кезекті профилактикалық рейд барысында өңірдің ТЖД қызметкерлері Кербұлақ ауданына қарасты Аралтебе ауылына барып, әлеуметтік осал отбасылар тұратын жеке тұрғын үйлерді аралады. Атап айтқанда, аз қамтылған және көпбалалы отбасылар, ерекше қажеттілігі бар адамдар, жалғызбасты аналар мен зейнеткерлердің үйлеріне ерекше назар аударылды. Рейд барысында электр сымдары мен розеткалар тексеріліп, пештер мен мұржалар тазартылды, сондай-ақ тұрғындарға пеш жабдықтарын пайдалану ережелері түсіндірілді. Көп үйлер пешпен жылытылатын ауылдық жерде мұндай профилактикалық жұмыстардың маңызы ерекше.

Облыстық ТЖД мемлекеттік өрт бақылау басқармасының аға инженері Еламан Әубәкіров пешпен жылытылатын үйлерде мұржаның тазартылмауынан, пештің дұрыс орнатылмауынан, электр желілерінің шамадан тыс жүктелуінен қауіп көп екенін айтты.

– Өрт оқиғаларының басым бөлігі жылу және электр жүйелерінің дұрыс жұмыс істемеуінен туындайды. Осыған байланысты бақылауды күшейтіп, тұрғын үйлерге улы газды анықтайтын дабыл құрылғыларын орнатудамыз. Бүгін 70-тен астам үйге барып, профилактикалық жұмыс жүргіздік. Тұрғындардан жылыту құралдарының жарамдылығын тексеруді, мұржаларды уақтылы тазартуды, электр желісін шамадан тыс жүктемеуді және пештерді қараусыз қалдырмауды сұраймыз, – дейді Еламан Әубәкіров.

ДЕНСАУЛЫҚ

ОБЛЫСТА ТҰМАУ ЖӘНЕ ЖРВИ БОЙЫНША ЖАҒДАЙ БАҚЫЛАУДА



Жетісу облысында биылғы эпидемиологиялық маусым тұрақты бақылауда. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, эпидмаусым басталғалы өңір бойынша жегел респираторлық вирустық инфекцияның (ЖРВИ) 45 674 жағдайы тіркелді, оның 30 912-сі – 14 жасқа дейінгі балалар.

Медициналық ұйымдарда вирустың өсуін ескере отырып, МСАК деңгейінде 29 мобильді бригада, 25 сүзгі кабинеті және азаматтарға кеңес беретін 48 телефон желісі жұмыс істеп тұр. Шұғыл көмек көрсету үшін 69 жедел медициналық жәрдем бригадасы жұмылдырылған. Облыста 82 000 адам вакцинацияланып, тұмауға қарсы егілді. Стационарлық көмек 421 инфекциялық төсекке есептелген, қажет болған жағдайда қосымша 196 төсек дайындалды. Реанимацияда ауыр жағдайдағы пациенттер жоқ.

Облыста халық арасында профилактика шараларын күшейту мақсатында ақпараттық-ағарту жұмыстары белсенді жүргізілді. 15 813 ақпараттық парақша таратылып, 1,5 мыңнан астам адамды қамтыған оқу семинарлары мен конференциялар ұйымдастырылды. Іс-шаралар барысын-

Алдын алу шараларының атқарылғанына ауыл тұрғындары риза.

– Ауылымызда 300-дей тұрғын бар. Ауылға әлі газ келмегендіктен, бәрі көмір, ағаш тасып пеш жағады. Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлері жылда жылыту маусымы кезінде тексеріс жүргізеді. Бұрын мұржаны қолмен тазалайтынбыз. Қазір мамандар біз сияқты көп балалы отбасылардың үйлеріндегі пешті тексеріп, мұржамызды тазалап береді. Өрт қауіпсіздігі өр тұрғын үшін маңызды – дейді ауыл тұрғыны Алдаберген Сұранбеков.

Ауылдың тағы бір тұрғыны Жанар Ысқақ та осындай пікірде:

– Жалғызбасты ана болғандықтан бір өзім мұржа тазалай алмаймын. Сондықтан мамандарға арнайы барып, өтініш білдірдім. Электр желілерінің техникалық жағдайын қарап ақауларды анықтап, арнайы құрылғы орнатып берген қызметкерлерге алғыс білдіремін, – деді ол.

Жетісу облысы Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, қабылданып жатқан алдын алу шараларының арқасында жылыту маусымы басталғалы бері өңірдегі өрт саны 20%-ға қысқарған. Биыл бүкіл облыс бойынша әлеуметтік жағынан осал азаматтардың үйлеріне улы газды анықтайтын 2085 дана датчик орнатылды. Бұдан бөлек, өңірдің тұрғын үй секторында 1510 жиын, 1122 нұсқаулық және 24 брифинг өткізіліп, оларда жалпы саны 32 400-ден астам адам қамтылды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі
Фото: Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Талдықорған қаласының Өтенай ауылдық округіне қарасты «Жастар-3» тұрғын үй алаптарының көшелеріне жаңа атау беру бойынша жергілікті қоғамдастық жиын ХАТТАМАСЫ

Талдықорған қаласы, Өтенай ауылы
«25» қараша 2025 жыл,
сағат: 16:00

Көпшілік тыңдау отырысын жүргізген – Өтенай ауылдық округінің әкімі **Малтаев Руслан Ырысбекұлы**.

Хатшы: Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық бөлімшесінің бас маманы – **Серикова Диана Бериковна**.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Өтенай ауылдық округіне қарасты «Жастар – 3» тұрғын үй алабының атауы жоқ, жаңа көшелеріне атау беру.

Қатысқандар:

– «Талдықорған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ бас маманы – Рысбаева Сандуғаш Арнайқызы.

– «Жастар-3» тұрғын үй алабының тұрғындары.

– Жергілікті қоғамдастық мүшелері (тізім бойынша)

– Округ ақсақалдары.

Өтенай ауылдық округіне қарасты «Жастар-3» тұрғын үй алабы көшелеріне атау беру туралы қоғамдастық жиынды Р.Малтаев «ашық» деп жариялап, шақырылғандарды күн тәртібімен таныстырды.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша алғашқы сөзді Өтенай ауылдық округінің әкімі Р.Малтаев сөйледі. Ауылдық округінің әкімі екі көше бойынша баяндама жасады.

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес 2025 жылы ҰОС Жеңістің 80-жылдығына орай ұлықтау жоспарланған Кеңес Одағы батырлары мен бір немесе одан да көп ордендері бар ҰОС ардагерлерінің тізімі дайындалды. Анықтау мәліметтері Талдықорған қаласының әкімдігіне қала тұрғындарынан келіп түскен өтініштерден, мұрағаттан, Жеңістің мерейлі даталарына шығарған кітаптарынан, «Память народа», «Подвиг народа» сайттарынан алынды.

Сіздердің назарларыңызға Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы Заңы 14-1 бабының 1 – тармағына және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 01 тамыздағы №211 бұйрығымен бекітілген «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидалары» 3 - тарауына сәйкес, Өтенай ауылдық округінің құрамдас бөліктеріне атау беру жұмыстары жүргізілуі тиіс.

Осыған байланысты Өтенай ауылдық округіне қарасты «Жастар-3» тұрғын үй алабында орналасқан екі жаңа көшеге төмендегі атауларды беру ұсынылады:

1. №12 атауы жоқ жаңа көше (ұзындығы - 952 м) - «Өлімбаев Тәңірберген» көшесі.

Өлімбаев Тәңірберген (1916-2001жж.) Ұлы Отан соғысының ардагері. Ескелді ауданында дүниеге келген. 1942 жылы майданға аттанды. 1943-1944 жж. 6-ші ае қорғайтын атқыштар бригадасында, командир көмекшісі болды. 1945 жылы елге оралып, Талдықорған аудандық партия комитетінде, кейін «Пропагандист по идеологии» қызмет атқарған. 1955-1961 жж. Абай орта мектебінде, Еркін, Еңбек ауылының мектептерінде директор болған. 1961 жылы Өтенай ауылында сельсоветінде кеңестік төрағасы болып қызмет атқарған.

Марапаттары: I, II дәрежелі Отан соғысы ордендері, Ұлы Отан соғысының «Қызыл жұлдыз» ордендері. Еңбек ардагері. «Халық ағарту ісінің озық қызметкері».

2. №16 атауы жоқ жаңа көше (ұзындығы – 1.2 км) «Кәкімбай Қожахметұлы» көшесі.

Кәкімбай Қожахметұлы (1922ж.-2012ж.) Ұлы Отан соғысының ардагері. 1922 жылы Ақсу ауданында дүниеге келген. 1942 жылы армияға шақырылды.

11 гвардия Богдан Хмельницкий орденді танк корпусында, 40 бригадасының, танк ротасы командирі шенінде соғысқа қатысқан. Еңбек жолын соғыстан кейін Қапал ауданы, Қоңыр ауылында 1946 жылдан бастап мұғалім, ұзақ уақыт мектеп директоры болып қызмет атқарды.

Марапаттары: «Қызыл Жұлдыз» ордені, I , II дәрежелі «Отан соғысы» ордендері, «Құрмет белгісі» ордені.

Сөз Әлімбаев Тәңірбергеннің қызы Қасенова Күндыз Тәңірбергенқызына берілді:

Қасенова Күндыз өз сөзінде Әлімбаев Тәңірбергеннің өмірбаянын баяндап, алған наградаларын айта кетті. Әлімбаев Тәңірбергеннің есімін «Жастар-3» тұрғын үй алабының №12 атауы жоқ жаңа көшесіне беру жөніндегі ұсынысты қолдауды сұрады.

Келесі сөз **Қожахметова Мейіргүл Кәкімбайқызына** берілді. Мейіргүл Кәкімбайқызы өз сөзінде әкесі Кәкімбай Қожахметұлының өмірбаяны, еңбектері мен қоғамдық қызметі туралы айтып өтті. Ол әкесінің атын бір көшеге беру жөніндегі ұсынысты қолдауды өтінді.

Келесі сөз тұрғындар тарапынан ардагер **Раушан Жанибекқызына** берілді:

Раушан Жанибекқызы көше атауына ұсынылып отырған екі азаматпен қызмет еткенін, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру жолында еңбек сіңіргендері туралы айта кетті. Көшелерге осы азаматтардың атын беруге қарсы еместігін білдірді.

Отырыс төрағасы, Өтенай ауылдық округінің әкімі Р. Малтаев:

Құрметті қауым, аталған мәселе бойынша белсенді қатысып, өз ой-пікірлеріңізбен пікірлесулеріңізді сұраймын! Көшелерге беріліп отырған аталған жайлы толық ақпарат берілді. Осымен дауыс беруге көшейік. Аталған 2 көшеге атау беруді кім қолдайды?

Аталған 2 көшеге, яғни Кәкімбай Қожахметұлы көшесі, Әлімбаев Тәңірберген көшелеріне атау беруді бірауыздан қолдаған тұрғын саны – 30, қарсы шыққан – 0, қалып қалған тұрғын саны – 0.

Отырыс төрағасы, Өтенай ауылдық округінің әкімі Р. Малтаев:

Бүгінгі қаралған мәселе бойынша хаттама бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, қалалық мәслихат пен әкімдіктің бірлескен шешімімен облыстық ономастикалық комиссияның қарауына ұсынылады.

Тұрақты комиссия төрағасы айтылған ұсыныс әлі де жергілікті атқарушы органмен бірлесе қаралатынын айтып, отырысты «жабық» деп жариялады.

Жиын төрағасы

Өтенай ауылдық округі әкімі

Хатшы:

Р. Малтаев

Д. Серикова



ТІКЕЛЕЙ ШАРТ ЖАСАСУ АРҚЫЛЫ САТЫП АЛУ КЕЗІНДЕГІ ТАЛАПТАР

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2), 26) және 31) тармақшаларына сәйкес, мемлекеттік сатып алу бір көзден алу тәсілімен келесі жағдайларға жүзеге асырылады:

субъектілерінің жоқ екендігі туралы қорытындысы болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының м.а. 2025 жылғы 16 маусымдағы №6 бұйрығымен «Монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасау мен қызмет көрсетуге қатысты жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың басқа мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру қағидалары» бекітілді.

Осы Қағида мемлекеттік сатып алу процесінде бір көзден алу тәсілін қолдану үшін негіз болатын қорытындыны алу тәртібін айқындайды. Сондықтан, монополияға қарсы органның қорытындысын алу кезінде аталған Қағидада белгіленген талаптарды қатаң сақтау қажет.

**ҚР Бәсекелестікті қорғау
және дамыту агенттігінің
Жетісу облысы бойынша департаменті**

Сатып алынатын тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтарға ие тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды немесе қызметтерді алу;

Мемлекеттік органның тиісті өкілеттіктеріне сәйкес, оның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 100%-ы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден немесе мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тікелей шарт жасасу арқылы сатып алу мүмкіндігі қарастырылған.

Бұған қоса, көрмелер, семинарлар, конференциялар, кеңестер, форумдар, симпозиумдар, тренингтер материалдарын сатып алу және аталған іс-шараларға қатысу үшін ақы төлеуді қарастыратын шарттар да бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Алайда, мұндай тәсілді қолдану тек монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды өндіретін немесе қызметтер көрсететін жеке кәсіпкерлік

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ-ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТАРАТУ КЕЗІНДЕГІ САЛЫҚТЫҚ БЕРЕШЕКТІ ӨТЕУ

Бірқатар БАҚ-та жарияланған материалдарға Қаржы министрінің «Салық төлеушілердің таратылуы, қайта ұйымдастырылуы және қызметін тоқтатуы кезінде салықтық міндеттемелері орындалуының кейбір мәселелері туралы» №654 бұйрығы заңнамаға қайшы келеді және компания құрылтайшыларына жаңа міндеттер жүктейді деген пікір айтылды. Осыған байланысты МҚК ресми түсініктемесін жариялауда.

№654 бұйрық ешқандай жаңа талап енгізбейді. Бұл бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін Салық кодексінің нормаларын іске асыру үшін қабылданған. Онда компаниялар жойылғанда немесе қызметін тоқтатқанда салықтық міндеттемелерді қалай орындауы керектігі айқындалған.

Негізгі қағида бұрынғыдай қалады:

▲ компанияның салықтық берешегі болса — ол Салық кодексінде көзделген тәртіппен өндіріледі;
▲ компания мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда — құрылтайшылардың жауапкершілігі тек Қазақстан Республикасының заңдарымен тікелей белгіленген жағдайларда ғана туындайды.

Бұл қағида бұрыннан бар — Салық кодексінде, Азаматтық кодексте және Банкроттық туралы заңда көрсетілген. №654 бұйрық осы норма-

ларды қайталайды және мемлекеттік кірістер органдарының өкілеттіктерін кеңейтпейді.

Құрылтайшы қашан жауапкершілікке тартылады.

Құрылтайшы субсидиарлық (бірлескен) жауапкершілікке тек ұйым банкрот деп танылғаннан кейін және нақты құқық бұзушылықтар анықталған жағдайда тартылады, мысалы:

▲ ұйымды әдейі банкроттыққа әкелу;
▲ мүлкті шығару немесе жасыру;
▲ таратылатын компанияның құжаттарын тапсырмау;
▲ мүлкі жеткіліксіз кезде сотқа банкроттық туралы өтініш бермеу.

Негізден түсінбеушілік пайда болды.

Кейбір жарияланымдар бұйрықтың бір тармағын құрылтайшылардың жауапкершілігін кеңейтеді деп түсіндірді. Алайда бұл тармақ Салық кодексінің 75-бабының нормаларын ғана қайталайды және қолданыстағы ережелерді өзгертпейді.

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

▲ №654 бұйрық заңды бұзбайды және құрылтайшыларға жаңа міндеттер жүктемейді.

▲ Ол мемлекеттік кірістер органдарына жаңа өкілеттік бермейді.

▲ Ол тек бұрыннан заңдарда бекітілген рәсімдерді жүйелейді және нақтылайды.

**Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік
кірістер департаменті**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына үлкен кедергі келтіретін, әділетсіздікпен сенімсіздік тудыратын ең қауіпті індеттердің бірі. Ол мемлекеттің экономикасына, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, қоғамдық тәртіпке ғана зиян келтіре қоймай, азаматтардың өміріне және болашақ ұрпақтың дамуына балта шабуы болып табылады.

Қазақстан Республикасы бұл мәселеге ерекше көңіл бөліп, жемқорлықпен күресті мемлекеттік саясаттың басты бағыты ретінде белгілеген. Елде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы және арнайы бағдарламалары жұмыс істейді.

Жемқорлықпен күресу тек құқық қорғау органдарының ғана емес, әрбір азаматтың міндеті. Әрбір адам өз ісіне адал, әділ болса, қоғамда сенім мен тазалық орнайды. Мектеп қабырғасынан бастап, жастарды адалдық пен әділдікке – тәрбиелеу – жемқорлықсыз болашақтың кепілі.



Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ! — бұл тек ұран емес, әр адамның ұстануына айналуы тиіс.

**С.АХАН,
Талдықорған қалалық
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының басшысы
М.ЕРЖАНОВА,
бас маман**

ФИШИНГТІҢ ЖАҢА ТОЛҚЫНЫ – СІЗДІҢ АЙФОНДАРЫҢЫЗДЫ ОНЛАЙН ҰРЛАУДА

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қылмыстық қауіп-қатердің және қоғамдық қауіпсіздіктің тәуекелдерін болжау орталығы iPhone иелеріне қатысты интернет-алаңдықтың қауіпі туралы ескертеді.

Шетелдік дереккөздердің (<https://www.bleepingcomputer.com/news/security/lost-iphone-dont-fall-for-phishing-texts-saying-it-was-found/>, <https://itc.ua/news/moshennyky-obmanyvayut-vladeltsev-ukradennyh-iphone-falshyvymy-soobshheniyam-apple-find-my/>) ақпаратына сәйкес зиянкестер адамдарға Apple атынан жалған табылған iPhone-ның моделі, түсі және жадының көлемі көрсетілген жалған SMS немесе iMessage-ті, фишингтік сілтемені қоса жайлай отырып, жолдайды, осылайша хабарламаның жалған еместігі туралы әсер туындайды.

Бекітілген сілтеме бойынша өту арқылы, пайдаланушы Apple Find My сервисіне визуалды ұқсас жалған парақшаға түседі, ол Apple ID логині мен паролін алаяқтарға жолдайды.

Бұл зиянкестерге iPhone-ның қосылуын құлыптауды айналып өтуге, құрылғыға және жеке ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндігін береді.

Қауіп-қатердің көрсетілген түрі белсенді түрде таралуын ескере отырып, қатаң түрде келесі іс-шараларды ұстануды ұсынамыз:

► күмән тудыратын сілтемелер бойынша өтпеуді;
► жоғалған құрылғының құлыптау экранында байланыс ақпаратын көрсету үшін белек электрондық поштаның мекенжайын пайдалануды;
► SIM-картаға қол жеткізуді қиындату үшін оны PIN-кодпен қорғауды;
► құрылғыны тек icloud.com/find арқылы тексеруді.
Сақ болыңыздар, киберқауіпсіздік талаптарын сақтаңыздар.

**ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика
және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті**

БАСПАСӨЗ – 2026

РЕДАКЦИЯДАН: 12 айға – 3500 тг.

ПОШТАДАН:	ИНДЕКС 15771
ИНДЕКС 65771	ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (қала)
ЖЕКЕ ТҰЛҒА (қала, ауыл)	12 ай – 8201,72 тг.
12 ай – 5327,40 тг.	ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (ауыл)
	12 ай – 5827,40 тг.

**Тел.: 40-11-02, сот.: 8 705 870 70 76.
Мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат, 4012 бөлме.**



ЖАҢА ХАБАРЛАНДЫРУ СЕРВИСІ:

АЗАМАТТАР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ ТУРАЛЫ АЛДЫН АЛА БІЛЕ АЛАДЫ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріндегі ағымдағы жағдай мен жоспарлы профилактикалық жұмыстар жөнінде жедел ақпарат беретін жаңа сервисті іске қосты.

Енді азаматтарға жекелеген қызметтердің уақытша қолжетімсіз болу себептерін білу үшін ХҚКО қызметкерлеріне жүгінудің қажеті жоқ. Қажетті мәліметтің барлығы «ЦОН» мобильді қосымшасында, мемлекеттік корпорацияның ресми сайтында және халыққа қызмет көрсету орталықтарындағы электронды таблоларда көрсетіледі.

Сервис ақпараттық жүйелер мен мемлекеттік деректер базаларының техникалық жай-күйін автоматты түрде көрсетіп отырады. Осылайша азаматтар мемлекеттік қызметтердің мәртебесі туралы сенімді әрі өзекті мәліметті уақытылы алып, ХҚКО немесе МХҚКО-ға бару уақытын алдын ала жоспарлай алады.

«ХҚКО-ның интеграцияланған ақпараттық жүйесі – азаматтардың өтініштерін қабылдап, мемлекеттік органдардың деректер базаларымен ақпарат алмасуды жүзеге асыратын негізгі арна. Жаңа сервис осы базалар арқылы көрсетілетін қызметтердің уақытша қолжетімсіздігін алдын ала біліп, ХҚКО-ға баруды соған қарай жоспарлауға мүмкіндік береді. Бұл – цифрлық ашықтықты арттыруға, айқындықты күшейтуге және мемлекет пен азамат арасындағы сенімді нығайтуға бағытталған тағы бір қадам», – деді Арман Кенжеғалиев, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Басқарма Төрағасы.

Жаңа сервис Қазақстан азаматтарына мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған ашық, сенімді әрі қолайлы цифрлық шешімдерді дамытудың келесі кезеңі болды.

Айта кетейік, сервис «ЦОН» мобильді қосымшасында (App Store/Google Play) ЖСН мен телефон нөмірі арқылы авторизациядан кейін қолжетімді.

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



**ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ**

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru
Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Талпырыс №1227 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталғы.
● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.
● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
● Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.